

ҚАЗІРГІ ҚАЗАҚ ТІЛІНДЕГІ БІРІККЕН СӨЗДЕРДІҢ ҚҰРЫЛЫМДЫҚ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ (ХИМИЯ ТЕРМИНДЕРІ НЕГІЗІНДЕ)

Мухтарова Назгнл Батыржанқызы
Студент, Л.Н.Гумилев атындағы ЕҒУ, Астана қ.
Ғылыми жетекші – қазақ тіл білімі кафедрасының доценті, ф.ғ.к. Еспекова Л.Ә.

Қазіргі қазақ тіл білімінің даму жнйесі әзіндік ерекшеліктерге ие болды. Сондықтан да қазақ тіл білімінің әр категориясын жаңа қырынан зерттеп, зерделеу мәселесі бнгінгі ғылымның соны әрісте дамып, жетілуіне септігін тигізбек. Солардың қатарында біріккен сөздер мәселесін зерттеудің теориялық әрі практикалық маңызы зор.

Қазақ тіл білімінде біріккен сөздер мәселесі, олардың зерттелу тарихы жән інде белгілі бір уақытпен жнйеленген дәстнр қалыптасқан.

Осы біріккен сөздер жән інде жарияланған зерттеулердің басында қазақ тіл білімі теориясының алғышарттарын пұсынған бірден бір ғалым А.Байтұрсынов тұратыны белгілі. Ғалым сөз тұлғаларын бес топқа бәледі де, біріккен сөзді «қос сөз» терминімен атайды.

«Сөздің сыртқы кәрнісі – сөздің тұлғасын» [1.163] алты арысқа бәліп жіктеген ғалым Қ.Жұбанов та біріккен сөзге қатысты әзіндік мәні бар құнды пікірлер айтып әтеді. Ғалым «екі тнбір, нш тнбірден құралып тұрып, бір тнбір болып кеткен сөздерді кіріккен тнбірлер» дей отырып, біріккен сөздерге «кіріккен тнбірлер» деген атау тағады.

Аталған ғалымдардың ғылыми тұжырымдарымен нндесе келетін ой-пікірлерді А.Бсқақов, К.Аханов, С.Исаев, М.Балақаев т.б. сынды ғалымдарымыздың еңбектерінен де кәре аламыз.

Жалпы осы кезге дейінгі біріккен сөздерге қатысты зерттеулер шолу тнрінде болып, жеке зерттеу нысанына алынбағаны да белгілі. Осыған қарамастан, бнгінгі тіл білімінің зерттеуші-ғалымдары біріккен сөздердің әзектілігін құрылымдық-мағыналық тұрғыдан саралау арқылы дәлелдеуде. Солардың қатарына біріккен сөздерді құрама сөздердің ерекше тнрі деп жіктеген ғалым Қ.Кндеринованың бірқатар құнды пікірлерін жатқызамыз. Ғалым әзіннің «Бірге және бәлек жазылатын сөздердің орфографиясы» (2005) атты монографиясында кнрделі сөздер жалпы сипаттамасына тоқтала келіп, «кнрделі сөз» бен «құрама сөз» [2] терминдерінің ара-жігін ажыратады. Автор біріккен сөздердің тұлғалану мәселесінің кнрделілігін айрықша атап әтеді де, орыс, батыс еуропа тіл біліміндегі зерттеулерге барлау жасап, біріккен сөздердің шығу тегі, әздеріне тән белгілері туралы айтылған кәзқарастарға азды-кәпті тоқталып кетеді. Аталған тілдік зерттеулерінің қорытындысы ретінде ғалым Қ.Кндеринова тіл-тілде құрама сөздерді бірге тұлғалауда төмендегідей факторлардың орын алғанын атап әтеді:

- ❖ **Тұлғалық фактор:** құрама сөз сыңарлары грамматикалық формаларының элизия, редуциялануы, екі сыңар пұластырғыш жалғаулықтардың болуы, сыңарлардың фонетикалық контаминацияға пұшырауы, бір екпінге бағынуы;
- ❖ **Мағыналық фактор:** сыңарлар мағынасының лексика-семантикалық контаминацияға тнсуі, ортақ мағына беруі [2];

Зерттеушінің тағы бір жетістігі – сөздерді бірге тұлғалаудың жоғарыда аталып әткен тұлғалық факторын тұлғалаудың формалды белгілері деп алуы. Және біріккен сөз жасауда қосымшалардың сөз пұластыратын қызметін **пұластыруыштар** деп, ал лексикалық бірліктердің сөз жасау қызметін **құрастыруыштар** деп формалды белгінің әзін екіге бәліп алуы біраз мәселелердің басын ашып, айқындағаны сәзсіз.

Ал құрастыруыш тұлғаларды бнтіннің бәлшегі сипатына қарай аффиксидтар (тану, құмар, жай, жанды, хана, аралық), стандарт тұлғалар (басы, хат, гнл, от(ы), жегі, ақы, балық,

шәп, қап, ауру, той) және жинақтаушы тұлғалар (бас, ағаш, құрт, тамыр, тікен, жапырақ, аяқ, тас, сәз) деп нш топқа ажыратады.

Ғалымның осы теориялық тұжырымдарын негізге ала отыра, химия саласына қатысты терминдердің құрылымдық ерекшеліктерін саралауға болады. Қазақ тілі терминдерінің салалық ғылыми сөздігінің «Химия» топтамасында жалпы саны 5500-ге жуық термин берілсе, біздің есептеуіміздің нәтижесі бойынша, соның 196-ы біріккен сөз тұлғалары екен. Біріккен сөздерді (БС) талдау барысында мынадай статистикалық есептеулер алдық:

– Тәл тнбірлердің бірігуі арқылы жасалған БС (65 БС): *асқынкернеу, әктастар, әсіреүйірткі, екідайлық, жаққымай т.б.* [3] т.б.

– Тәл тнбірлер мен интернационал сөздердің бірігуі арқылы жасалған БС (131 БС):

автоәршу, азобірігу, гидросірне т.б. [3] т.б.

– Аталған сөз тұлғалары – біріккен сөздердің құрылымдық ерекшеліктері де сан қилы:

– Ғластыруыштар:

-лар (-дар, -дар, -тар): *әктастар, жәндікжойғылар, жарыққұрамдар т.б.* (73 БС) **-лық:** *майсыйымдылық, майтұрақтылық, оттәзімділік т.б.* (12 БС)

-қы: *әсіреүйірткі, жәндікжойғылар;* (2

БС) **-к:** *шыныжарықшақ;* (1 БС)

-ыс: *түрәзгеріс;* (1 БС)

-у: *кәбіктүзу, қосашәктіру, құрылымтүзілу т.б.* (12

БС) **-ғыш:** *ылғалсорғыш, түрәзгерткіш т.б.* (7 БС)

-ша: *түзкәпірше;* (1 БС)

– Құрастыруыштар: а)

аффиксоидтар: **хана:** зертхана; (1

БС); ә) жинақтаушы

құрастыруыштар:

тас: әктастар, теміртас; (2 БС); Кәрсетілген сандық нәтижелер арқылы біріккен сөздердің құрылымдық ерекшеліктері

айқындалып, анықтала тнседі.

Демек, біріккен сөздердің жасалуы тек екі тнбір тұлғаларының бірігуі арқылы ғана емес, тнрлі тілдік бірліктердің бір-біріне «ұласуы», бірін-бірі «құрастыруы» нәтижесінде де пайда болатыны негізсіз емес екен іне де анық кәз жеткіземіз.

Әдебиеттер

1. Жұбанов Қ. Қазақ тілі жәніндегі зерттеулер. – Алматы: Ғылым, 1999. – 581 б.
2. Кңдерінова Қ. Бірге және бәлек жазылатын сөздердің орфографиясы. – Алматы: 2005. – 144 бет.
3. Қазақ тілі терминдерінің салалық ғылыми тнсіндірме сөздігі: Химия/Н.Нұрахметов, А.Ниязбаева, Р.Рысқалиева, Н.Далабаева. – Алматы: «Мектеп» баспасы, 2007. – 336 бет.